

**1997-2025 жылдар кезеңінде қызметтік борышын атқару
кезінде қаза тапқан азаматтық қорғау органдарының
қызметкерлері туралы Естелік Кітап**



**Книга Памяти о сотрудниках органов гражданской
защиты, погибших при исполнении служебного долга
в период с 1991 по 2025 годы**



Астана 2025

1991-2025 жылдар кезеңінде қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері туралы Естелік Кітап

Бүгінде Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау органдары кең ауқымды міндеттерді шешеді және төтенше жағдайлар салдарының, өрттер мен техногендік апаттардың алдын алуда, оларды жоюда, төтенше жағдайлардағы іс-қимылдарға халықтың дайындық деңгейін арттыруда және тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің мәдениетін қалыптастыруда ерекше орын алады.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халық пен аумақтарды төтенше жағдайлардан қорғау кез келген мемлекеттің тұрақтылығы мен өркендеуі шарттарының бірі болып табылады.

Қазіргі заманғы әлемнің шынайы келбетінде, өрт сөндірушілер мен құтқарушылар мамандығы – сұранысқа ие, құрметті әрі игі мамандықтардың бірегейі екенін үнемі дәлелдеп отырады.

Қызметкерлер үлесіне өте маңызды сынақтар тиеді, олар: ірі өрттер, су тасқындары, авто және әуе апаттары, өзге де төтенше жағдайлар. Қызмет міндеті бойынша, осы қауіпті оқиғалардың нақ ортасында бола тұра, өрт сөндірушілер мен құтқарушылар күн сайын төтенше жағдайларды жоюға қатысады, жүз мыңдаған құтқарылған және алғысын білдіретін азаматтар – олардың батыл және үйлесімді жұмыстарының нәтижесі.

Тәуелсіздік жылдарында азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері **1,7 млн-нан** астам авариялық-құтқару жұмыстарына шығып, кәсібиліктерінің, жеделдіктерінің және табандылықтарының арқасында **437 мыңға жуық** адамды құтқарып, **453 мың** адамды эвакуациялады, **78 мыңнан** астам зардап шеккен адамға медициналық көмек көрсетті.

Қазіргі климаттың өзгерген уақытында, қалалар салу мен өнеркәсіптің дамуы жағдайында құтқарушы қызметінің рөлі еселеп артуда.

Бүгінгі азаматтық қорғау жүйесі, бұл – 30 мыңнан астам қызметкер, олардың әрқайсысында батылдық, ерлік, өз қызметіне деген адалдық қасиеттері бар, басты мақсаты адамдардың өмірін құтқару болып табылатын бұл мамандықты тек қана мықты, қайсар жандар таңдай алады.

Өз өмірлерін адамдарды құтқару жолында қиған азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің ерліктері ешқашан өшпейді. Бұл батырларды тек туыстары, жақындары, әріптестері ғана емес, өз өмірін қия отырып, құтқарып қалған азаматтар да есте сақтайды.

Кәсіби міндетті адал атқару - жас қызметкерлерге лайықты үлгі болып, аға буын қалыптастырған құтқарушылық қызметтің дәстүрлерін бұдан әрі сақтап қалудың сара жолы болмақ.

Бұл кітапта төтенше жағдайларда өз өмірлерін адамдарды құтқару жолында құрбан еткен азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің батырлығы туралы шежіре шертіледі. Олардың барлығы өз қызметтік міндеттерін абыроймен атқарды. Батыр өрт сөндірушілер мен құтқарушылар туралы естелік біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

Содержание Книги Памяти о сотрудниках органов гражданской защиты, погибших при исполнении служебного долга в период с 1991 по 2025 годы

Сегодня органы гражданской защиты Республики Казахстан решают широкий спектр задач и играют исключительную роль в предупреждении и ликвидации последствий чрезвычайных ситуаций, пожаров и техногенных катастроф, в повышении уровня подготовки населения к действиям в чрезвычайных ситуациях и формировании культуры безопасности жизнедеятельности.

Обеспечение общественной безопасности, защита населения и территорий от чрезвычайных ситуаций является одним из условий стабильности и процветания любого государства.

Реалии современного мира постоянно убеждают нас в том, что профессия пожарного и спасателя – одна из самых востребованных, уважаемых и благородных.

За годы независимости сотрудниками органов гражданской защиты совершено более **1,7 млн. выездов** на аварийно-спасательные работы, где благодаря их профессионализму, оперативности и решительности спасено порядка **437 тысяч** человек, эвакуировано **453 тысячи** человек, оказана медицинская помощь свыше **78 тысячам** пострадавшим.

В нынешних условиях изменения климата, развития градостроительства и промышленности, роль службы спасения возрастает многократно.

Сегодня система гражданской защиты – это более 30 тысяч сотрудников, каждому из них присуще отвага, смелость и преданность профессии, только самые смелые, мужественные и решительные выбирают эту высокую и ответственную миссию, главной задачей которой является спасение человеческих жизней.

Подвиг сотрудников органов гражданской защиты, отдавших свои жизни во имя спасения людей, бессмертен. Этих героев помнят не только родные, близкие, коллеги, но и те, кому они сохранили жизни ценой своей собственной.

Беззаветное служение профессиональному долгу является достойным примером для молодых сотрудников, которые бережно хранят и продолжают славные традиции, заложенные старшим поколением.

В этой книге ведется летопись героизма сотрудников органов гражданской защиты, отдавших жизнь при спасении людей в чрезвычайной ситуации. Все они с честью исполнили свой служебный долг. Вечная светлая память о героях пожарных и спасателях хранится в наших сердцах.

**Министерство по чрезвычайным ситуациям
Республики Казахстан**

1. 1992 жылғы 25 шілдеде Жамбыл облысының Т. Рысқұлов атындағы ауданына қызметтік іссапар бағытында облыстық ІІБ өрттен қорғау бөлімінің бастығы ішкі қызмет полковнигі **Исабай Ахметбекұлы Ахметбеков** жол-көлік оқиғасы салдарынан қайтыс болды.

И.А. Ахметбеков 1937 жылы Жамбыл облысы Сарысу ауданының Жон елді мекенінде туған, 1961 жылы КСРО ІІМ Свердлов өрт-техникалық училищесінде білім алған.

И.А. Ахметбековтің артында жұбайы және бес баласы қалды. Ұлы мен қызы әкелерінің ізін жалғастырып, азаматтық қорғау органдарында қызмет өткеруде.

Исабай Ахметбекұлына естелік ретінде Жамбыл облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметінің № 1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағында мемориалдық тақта орнатылды.

25 июля 1992 года по пути следования в служебной командировке в район имени Т. Рыскулова Джамбульской области, в дорожно-транспортном происшествии погиб полковник внутренней службы **Ахметбеков Исабай Ахметбекович**, начальник Отдела пожарной охраны УВД области.

Ахметбеков И.А. родился в 1937 году в селе Джон Сары-Суйского района Джамбульской области, в 1961 году окончил Свердловское пожарно-техническое училище МВД СССР.

После гибели у Ахметбекова И.А. остались супруга и пятеро детей. Сын и дочь продолжили семейную династию и проходят службу в органах гражданской защиты.

В память об Исабае Ахметбековиче на территории специализированной пожарной части № 1 Службы пожаротушения ДЧС Жамбылской области установлена мемориальная доска.

2. 1993 жылғы 4 желтоқсанда Семей қаласындағы «Цемент» акционерлік қоғамы көмірді аударып салу цехының ғимаратында болған өртті барлау кезінде жоғары температура әсерінен ғимарат төбесінің темір-бетон жабыны қирау салдарынан Семей қаласының ІІБ Өрт сөндіру күзетінің № 77 дербес әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі ішкі қызмет **прапорщигі Валерий Васильевич Белоножко** қайтыс болды.

В.В.Белоножко 1961 жылы Павлодар облысының Екібастұз қаласында туып, 1979 жылы Семей қаласының өзен училищесінде білім алған.

В.В. Белоножконың артында жұбайы мен екі баласы қалды.

В.В. Белоножкоға естелік ретінде Шығыс Қазақстан облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 45 өрт сөндіру бөлімінің аумағында естелік тастұғыр қойылып, Семей қаласындағы бір көшеге батыр-өрт сөндірушінің аты берілді.

Мемлекеттік награда – «Ерлігі үшін» медалімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

4 декабря 1993 года при проведении разведки пожара, произошедшего в здании цеха пересыпки угля Акционерного общества «Цемент» города Семипалатинск, в результате обрушения железобетонного покрытия здания от воздействия высокой температуры, трагически погиб прапорщик внутренней службы **Белоножко Валерий Васильевич**, командир отделения самостоятельной военизированной пожарной части № 77 Отдела пожарной охраны УВД города.

Белоножко В.В. родился в 1961 году в городе Екибастуз Павлодарской области, в 1979 году окончил речное училище в г. Семипалатинске.

После гибели у Белоножко В. В. остались супруга и двое детей.

В память о Валерии Васильевиче на территории пожарной части № 45 Службы пожаротушения ДЧС Восточно-Казахстанской области установлен постамент, именем героя-пожарного в городе Семей названа улица.

Награждён государственной наградой - медалью «Ерлігі үшін» (посмертно).

3. 1993 жылғы 4 желтоқсанда Семей қаласындағы «Цемент» акционерлік қоғамы көмірді аударып салу цехының ғимаратында болған өртті барлау кезінде жоғары температура әсерінен ғимарат төбесінің темір-бетон жабыны қирау салдарынан Семей қаласының ІІБ Өрт сөндіру күзетінің № 77 дербес әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі ішкі қызмет прапорщигі **Рахымғали Тайтұлаұлы Икенов** қайтыс болды.

Р.Т. Икенов 1959 жылы Семей қаласында туған.

Р.Т. Икеновтің артында жұбайы мен екі баласы қалды. Ұлы Көкшетау техникалық институтын аяқтап, азаматтық қорғау органдарында қызмет өткеруде.

Рахымғали Тайтұллаұлын мәңгі есте сақтау үшін Шығыс Қазақстан облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 45 өрт сөндіру бөлімінің аумағында естелік тастұғыр қойылып, Семей қаласындағы бір көшеге батыр-өрт сөндірушінің аты берілді.

Мемлекеттік награда – «Ерлігі үшін» медалімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

4 декабря 1993 года при проведении разведки пожара, произошедшего в здании цеха пересыпки угля Акционерного общества «Цемент» города Семипалатинск, в результате обрушения железобетонного покрытия здания от воздействия высокой температуры, трагически погиб прапорщик внутренней службы **Икенов Рахимгали Тайтулаевич**, командир отделения самостоятельной военизированной пожарной части № 77 Отдела пожарной охраны УВД города.

Икенов Р.Т. родился в 1959 году в городе Семипалатинске.

После гибели у Икенова Р.Т. остались супруга и двое детей. Сын окончил Кокшетауский технический институт и проходит службу в органах гражданской защиты.

В память о Рахимгали Тайтулаевиче на территории пожарной части № 45 Службы пожаротушения ДЧС Восточно-Казахстанской области установлен постамент, именем героя-пожарного в городе Семей названа улица.

Награждён государственной наградой - медалью «Ерлігі үшін» (посмертно).

4. 1996 жылғы 26 ақпанда Мичурин атындағы совхоздағы көп қабатты тұрғын үйдің жертөле үй-жайында болған өртті сөндіру кезінде Целиноград облысы ІІБ Өрт күзеті бөлімі № 84 дербес әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндірушісі ішкі қызмет сержанты **Александр Юрьевич Величкин** ерлікпен қайтыс болды.

А.Ю. Величкин 1967 жылы Өзбек КСР Андижан қаласында туған, 1985 жылы № 129 Ленинград орта мемлекеттік политехникалық училищесінде білім алған.

А.Ю.Величкиннің артында әйелі мен ұлы қалды.

А.Ю. Величкинді мәңгі есте сақтау үшін Астана қаласы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 1 өрт сөндіру бөлімінің аумағында мемориалдық тақта орнатылды.

26 февраля 1996 года при тушении пожара в подвальном помещении многоэтажного жилого дома совхоза имени А. Мичурина, трагически погиб сержант внутренней службы **Величкин Александр Юрьевич**, старший пожарный самостоятельной военизированной

пожарной части № 84 Отдела пожарной охраны УВД Целиноградской области.

Величкин А.Ю. родился в 1967 году в городе Андижан Узбекской ССР, в 1985 году окончил Ленинградское среднее государственное политехническое училище № 129.

После гибели у Величкина А.Ю. остались супруга и сын.

В память об Александре Юрьевиче на территории пожарной части № 1 Службы пожаротушения ДЧС города Астаны установлена мемориальная доска.

5. 1996 жылғы 26 ақпанда Мичурин атындағы совхоздағы көп қабатты тұрғын үйдің жертөле үй-жайында болған өртті сөндіру кезінде Целиноград облысы ІІБ Өрт күзеті бөлімі № 84 дербес әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндірушісі ішкі қызмет прапорщигі **Геннадий Геннадьевич Винокуров** қайтыс болды.

Г.Г. Винокуров 1967 жылы Целиноград облысы Қорғалжын ауданының Сабынды ауылында туған.

Г.Г. Винокуровтың артында әйелі мен қызы қалды.

А.Ю. Величкинді мәңгі есте сақтау үшін Астана қаласы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 1 өрт сөндіру бөлімінің аумағында мемориалдық тақта орнатылды.

26 февраля 1996 года при тушении пожара в подвальном помещении многоэтажного жилого дома совхоза имени А. Мичурина, трагически погиб прапорщик внутренней службы **Винокуров Геннадий Геннадьевич**, командир отделения самостоятельной военизированной пожарной части № 84 Отдела пожарной охраны УВД Целиноградской области.

Винокуров Г.Г. родился в 1967 году в селе Сабунды Кургальджинского района Целиноградской области.

После гибели у Винокурова Г.Г. остались супруга и дочь.

В память о Геннадии Геннадьевиче на территории пожарной части № 1 Службы пожаротушения ДЧС города Астаны установлена мемориальная доска.

6. 1997 жылғы 26 наурызда Қызылорда қаласында «Көкөніс сақтау» базасында болған өртті сөндіру кезінде жоғары температураның әсерінен аралық конструкция деформацияланып, ғимараттың темір - бетон жабыны құлады, үйінді астында Қызылорда облысы ІІБ Өрт күзеті бөлімі № 63 дербес кәсіби әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімінің өрт

сөндірушісі ішкі қызмет кіші сержанты **Арғын Қазбекұлы Әшірбеков** қайғылы жағдайда қайтыс болды.

А.К.Әшірбеков 1973 жылы Қызылорда қаласында туған, 1991 жылы кәсіби техникалық мектепте білім алған.

А.Әшірбеков үйленбеген еді.

Арғын Қазбекұлының есімін мәңгі есте сақтау үшін Қызылорда облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағында ескерткіш және мемориалдық тақта орнатылып, Қызылорда қаласындағы бір көшеге батыр-өрт сөндірушінің аты берілді.

Мемлекеттік награда - «Ерлігі үшін» медалімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

26 марта 1997 года во время тушения пожара на базе «Овощехранилища» города Кызылорды, от воздействия высокой температуры произошла деформация несущих конструкций и обрушение железобетонного покрытия здания, под завалами которых, трагически погиб младший сержант внутренней службы **Аширбеков Арғын Казбекович**, пожарный самостоятельной профессиональной военизированной пожарной части № 63 Отдела пожарной охраны УВД Кызылординской области.

Аширбеков А.К. родился в 1973 году в городе Кызылорда, в 1991 году окончил профессиональную техническую школу.

Аширбеков А.К. погиб, будучи не женатым.

В память об Аргыне Казбековиче на территории специализированной пожарной части № 1 Службы пожаротушения ДЧС Кызылординской области установлены памятник и мемориальная доска, именем героя-пожарного в городе Кызылорда названа улица.

Награждён государственной наградой - медалью «Ерлігі үшін» (посмертно).

7. 1997 жылғы 26 наурызда Қызылорда қаласында «Көкөніс сақтау» базасында болған өртті сөндіру кезінде жоғары температураның әсерінен аралық конструкция деформацияланып, ғимараттың темір - бетон жабыны құлады, үйінді астында Қызылорда облысы ІІБ Өрт күзеті бөлімі № 63 дербес кәсіби әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі ішкі қызмет сержанты **Арман Қуанышбайұлы Төлеубаев** қайғылы жағдайда қайтыс болды.

А.Қ. Төлеубаев 1970 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданында туған, 1989 жылы кәсіби техникалық училищесінде білім алған.

А.Қ.Төлеубаевтың артында әйелі мен баласы қалды.

Арман Қуанышбайұлының есімін мәңгі есте сақтау үшін Қызылорда облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағында ескерткіш және мемориалдық тақта орнатылып, Қызылорда қаласындағы бір көшеге батыр-өрт сөндірушінің аты берілді.

Мемлекеттік награда - «Ерлігі үшін» медалімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

26 марта 1997 года во время тушения пожара на базе «Овощехранилища» города Кызылорды, от воздействия высокой температуры произошла деформация несущих конструкций и обрушение железобетонного покрытия здания, под завалами которых, трагически погиб сержант внутренней службы **Төлеубаев Арман Куанышбаевич**, старший пожарный профессиональной военизированной пожарной части № 64 Отдела пожарной охраны УВД Кызылординской области.

Төлеубаев А.К. родился в 1970 году в Жалағашском районе Кызылординской области, в 1989 году окончил профессиональное техническое училище.

После гибели у Төлеубаева А.К. остались супруга и сын.

В память об Армане Куанышбаевиче на территории специализированной пожарной части № 1 Службы пожаротушения ДЧС Кызылординской области установлен памятник и мемориальная доска, именем героя-пожарного в городе Кызылорда названа улица.

Награждён государственной наградой - медалью «Ерлігі үшін» (посмертно).

8. Қарағанды облысы ІІБ Өрт күзеті басқармасы № 5 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі ішкі қызмет прапорщигі **Валерий Николаевич Пешков** 1997 жылғы 22 сәуірде Қарағанды қаласындағы № 26 кәсіби-техникалық мектепте болған өртті сөндіру кезінде көріну нашар болған жағдайда өрт ошағымен жанаса орналасқан үй-жайларға шолу жүргізу барысында жұмыс істемейтін жүк лифтісінің шахтасына құлап қайтыс болды.

В.Н. Пешков 1961 жылы Қарағанды қаласында туған, 1986 жылы осы қаланың Тау-кен техникумында білім алған.

В.Н. Пешковтың артында әйелі мен қызы қалды.

22 апреля 1997 года при тушении пожара в профессионально-технической школе № 26 в городе Караганде, в условиях плохой видимости при проведении разведки смежных с очагом горения помещений, упав в шахту недействующего грузового лифта, погиб прапорщик внутренней службы **Пешков Валерий Николаевич**, командир отделения пожарной части № 5 Управления пожарной охраны УВД Карагандинской области.

Пешков В.Н. родился в 1961 году в городе Караганде, в 1986 году окончил Горный техникум этого же города.

После гибели у Пешкова В.Н. остались супруга и дочь.

9. 1997 жылы 29 тамызда жоғары ранг бойынша өрт орнына жөнелту жолында жеңіл автокөлікпен қақтығысу салдарынан Маңғыстау облысы ІІБ Мемлекеттік өртке қарсы қызметі басқармасы № 8 өрт сөндіру бөлімінің жүргізушісі ішкі қызмет сержанты **Джолмурад Атрекович Тулекбаев** қайтыс болды.

Д.А. Тулекбаев 1968 жылы Түркмен КСР Ашгабад облысы Ашгабад ауданы Кеши ауылында туған.

Д.А. Тулекбаевтың артында әйелі мен екі баласы қалды.

29 августа 1997 года при следовании на пожар по повышенному рангу, в результате столкновения с легковым автомобилем, погиб сержант внутренней службы **Тулекбаев Джолмурад Атрекович**, водитель пожарной части № 8 Управления государственной противопожарной службы УВД Мангистауской области.

Тулекбаев Д.А. родился в 1968 году в селе Кеши Ашгабадского района Ашгабадской области Туркменской ССР.

После гибели у Тулекбаева Д.А. остались супруга и двое детей.

10. 1997 жылғы 3 қыркүйекте Қарағанды облысы ІІБ Өрт күзеті басқармасы № 9 дербес әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі ішкі қызмет аға сержанты **Игорь Петрович Белов** Қарағанды қаласындағы тұрғын үйде өрт сөндіру кезінде өрт ошағында оқпанмен жұмыс істеу барысында электр тасымалдау желісінің тіреуішінің құлауы салдарынан су ағымы арқылы келген электр тоғынан қайтыс болды.

И.П. Белов 1965 жылы Қарағанды қаласында туған, 1983 жылы осы қаладағы № 21 кәсіби-техникалық мектепте білім алған.

И.П. Беловтың артында әйелі мен қызы қалды.

3 сентября 1997 года при тушении пожара в жилом доме в городе Караганде, работая со стволом у очага пожара, в результате падения опоры линии электропередач, через струю воды получил смертельное поражение электрическим током старший сержант внутренней службы **Белов Игорь Петрович**, командир отделения самостоятельной военизированной пожарной части № 9 Управления пожарной охраны УВД Карагандинской области.

Белов И.П. родился в 1965 году в городе Караганде, в 1983 году окончил профессиональную техническую школу № 21 этого же города.

После гибели у Белова И.П. остались супруга и дочь.

11. 1998 жылғы 20 ақпанда Қарағанды облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет өрт сөндіру кезекші қызметі өрт сөндіру жетекшісінің аға көмекшісі ішкі қызмет капитаны **Қайрат Сартайұлы Тілеуғабылов** Қарағанды қаласының «Каргормаш» ЖҰАҚ әкімшілік ғимаратындағы төмен температура мен ұйтқыма жел жағдайында өрт сөндіру кезінде жанып жатқан ғимараттың мұз басқан жабыны бар күрделі жауынгерлік аумағын басқару барысында ғимараттың жабынынан құлап, қайғылы жағдайда қайтыс болды.

Қ.С. Тілеуғабылов 1966 жылы Қарағанды қаласында туған, 1986 жылы КСРО Ішкі істер министрлігі Алматы өрт-техникалық училищесінде білім алған.

Қ.С. Тілеуғабыловтың артында әйелі мен қызы қалды.

Қайрат Сартайұлын мәңгі есте сақтау үшін Қарағанды қаласында бір көшеге есімі берілді.

Мемлекеттік награда – «Ерлігі үшін» медалімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

20 февраля 1998 года в ходе тушения пожара в административном здании АОЗТ «Каргормаш» города Караганды, в условиях минусовых температур и порывистого ветра, возглавляя наиболее сложный боевой участок на обледеленной кровле горящего здания, сорвавшись с покрытия здания, трагически погиб капитан внутренней службы **Тлеугабулов Кайрат Сартаевич**, старший помощник руководителя тушения пожара дежурной службы пожаротушения Государственной противопожарной службы Карагандинской области.

Тлеугабулов К.С. родился в 1966 году в городе Караганде, в 1986 году окончил Алма-Атинское пожарно-техническое училище Министерства внутренних дел СССР.

После гибели у Тлеугабулова К.С. остались супруга и дочь.

В память о Кайрате Сартайевиче в городе Караганде названа улица.

Награждён государственной наградой - медалью «Ерлігі үшін» (посмертно).

12. 1998 жылғы 13 қарашада Қарағанды облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бас басқармасы № 1 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі ішкі қызмет прапорщигі **Василий Петрович Захарюта** Қарағанды қаласында тұрғын үй мен оның жанында орналасқан трансформатордың жануы кезінде жауынгерлік учаскені басқару барысында электр тоғына түсіп, қайтыс болды.

В.П. Захарюта 1964 жылы Қарағанды қаласында туған, 1981 жылы Саран қаласының №12 кәсіби-техникалық мектебінде білім алған.

В.П. Захарютаның артында әйелі қалды.

Мемлекеттік награда – «Ерлігі үшін» медалімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

13 ноября 1998 года при возгорании жилого дома и рядом расположенного трансформатора в городе Караганде, возглавляя боевой участок, получив смертельное поражение электрическим током, трагически погиб прапорщик внутренней службы **Захарюта Василий Петрович**, командир отделения пожарной части № 1 Главного управления государственной противопожарной службы Карагандинской области.

Захарюта В.П. родился в 1964 году в городе Караганде, в 1981 году окончил профессиональную техническую школу № 12 города Сарань.

После гибели у Захарюта В.П. осталась супруга.

Награждён государственной наградой - медалью «Ерлігі үшін» (посмертно).

13. 2001 жылғы 9 наурызда Қостанай облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет басқармасы № 2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі ішкі қызмет кіші сержанты **Талғат Сапарұлы Жантасов** Қостанай қаласындағы жеке меншік тұрғын үйде болған өртті сөндіру кезінде оттың тез таралуы салдарынан алған күйіктерден қайғылы жағдайда қайтыс болды.

Т.С. Жантасов 1968 жылы Қостанай облысы Урицкий ауданының Вишневка ауылында туған.

Т.С. Жантасовтың артында әйелі мен ұлы қалды.

Талгат Сапарұлын мәңгі есте сақтау үшін Қостанай облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағында ескерткіш орнатылды.

9 марта 2001 года в ходе тушения пожара в частном жилом доме в городе Костанай, от полученных ожогов, в результате быстрого и интенсивного распространения огня, трагически погиб младший сержант внутренней службы **Жантасов Талгат Сапарович**, пожарный специализированной пожарной части № 2 Управления государственной противопожарной службы Костанайской области.

Жантасов Т.С. родился в 1968 году в посёлке Вишневка Урицкого района Костанайской области.

После гибели у Жантасова Т.С. остались супруга и сын.

В память о Талгате Сапаровиче на территории специализированной пожарной части № 2 Службы пожаротушения ДЧС Костанайской области установлен обелиск.

14. 2002 жылғы 27 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Беген орман шаруашылығында туындаған орман өртін сөндіру кезінде облыстың Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бас басқармасы № 54 өрт сөндіру бөлімінің жүргізушісі ішкі қызмет сержанты **Сергей Владимирович Белякиннің** басқаруындағы автоцистерна жоғарғы өртке тап болды. С.В. Белякин соңына дейін оттан өрт сөндіру машинасымен шығып кетуге тырысқан және жанармай бағы жарылғаннан кейін ғана машинаны тастап, өрт шетіне жаяу шыққан. 2002 жылғы 5 маусымда С.В. Белякин есін жимастан, алған күйіктерінен қайтыс болды.

С.В. Белякин 1977 жылы Семей облысы Бесқарағай ауданының Большая Владимировка ауылында туған. 1995 жылы Бесқарағай ауданының № 16 орта кәсіби училищесінде білім алған.

С.В. Белякинді мәңгі есте сақтау үшін Шығыс Қазақстан облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 54 өрт сөндіру бөлімінің аумағында естелік стелласы орнатылды.

Мемлекеттік награда – III дәрежелі «Айбын» орденімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

27 мая 2002 года в ходе тушения лесного пожара в Бегеневском лесхозе Восточно-Казахстанской области, автоцистерна под управлением сержанта внутренней службы **Беякина Сергея Владимировича**, водителя пожарной части № 54 Главного управления государственной противопожарной службы области попала под верховой пожар. До последнего Беякин С.В. пытался выехать на пожарной машине из огня и только после взрыва бензобака, покинул машину и пешком вышел на кромку пожара. 5 июня этого же года не приходя в сознание, скончался от полученных ожогов.

Беякин С.В. родился в 1977 году в селе Большая Владимировка Бескарагайского района Семипалатинской области, в 1995 году окончил среднее профессиональное училище № 16 этого же района.

В память о Сергее Владимировиче на территории пожарной части № 54 Службы пожаротушения ДЧС Восточно-Казахстанской области установлена памятная стела.

Награждён государственной наградой – орденом «Айбын» III степени (посмертно).

15. 2002 жылғы 19 қаңтарда тұрғын үйде орын алған өртті сөндіру барысында Алматы қаласы Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бас басқармасы № 1 өрт сөндіру бөлімінің жүргізуші-маманы ішкі қызмет прапорщигі **Павел Арнольдович Голядкин** жүрек-қантамыр жеткіліксіздігінен қайтыс болды.

П.А. Голядкин 1970 жылы Алматы қаласында туған, осы қалада № 14 орта кәсіптік-техникалық училищесінде білім алған.

П.А. Голядкиннің артында әйелі мен екі баласы қалды.

19 января 2002 года в ходе тушения пожара жилого дома по причине сердечно-сосудистой недостаточности, скончался прапорщик внутренней службы **Голядкин Павел Арнольдович**, специалист - водитель пожарной части № 1 Главного управления государственной противопожарной службы города Алматы.

Голядкин П.А. родился в 1970 году в городе Алматы, окончил среднее профессиональное техническое училище № 14 этого же города.

После гибели у Голядкина П.А. остались супруга и двое детей.

16. 2004 жылғы 14 қыркүйекте жауынгерлік оқу-жаттығулар өткізу кезінде 12 метр биіктіктен құтқару жеңқұбыры бойымен түсу кезінде Қарағанды облысы Мемлекеттік өртке қарсы қызметі № 42 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі ішкі қызмет сержанты **Руслан Кәрімұлы Әбілдинов** құлап қайтыс болды.

Р.К. Әбілдинов 1976 жылы Жезқазған қаласында туған.
Р.К. Әбілдиновтың артында әйелі мен қызы қалды.

14 сентября 2004 года при проведении боевых учений, сорвавшись при спуске по спасательному рукаву с высоты 12 метров, погиб сержант внутренней службы **Абильдинов Руслан Каримович**, командир отделения специализированной пожарной части № 42 Государственной противопожарной службы Карагандинской области.

Абильдинов Р.К. родился в 1976 году в городе Жезказган.
После гибели у Абильдинова Р.К. остались супруга и дочь.

17. 2005 жылғы 17 маусымда Қарағанды облысы Өрт сөндіру қызметі №15 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі ішкі қызмет кіші сержанты **Дмитрий Александрович Гревцов** Қарағанды қаласында тұрғын үйдің ауласындағы шаруашылық құрылысында өрт сөндіру барысында, өртті жойғаннан кейін өрт-техникалық жабдықтарды жинау кезінде электр тоғына түсіп қайтыс болды.

Д.А. Гревцов 1980 жылы Қарағанды қаласында туған, 1999 жылы осы қаладағы № 2 кәсіби-техникалық мектепте білім алған.

Д.А. Гревцовтың артында әйелі мен қызы қалды.

17 июня 2005 года при тушении хозяйственных построек во дворе жилого дома в городе Караганде, после ликвидации пожара при сборе пожарно-технического вооружения получил смертельное поражение электрическим током младший сержант внутренней службы **Гревцов Дмитрий Александрович**, пожарный пожарной части № 15 Службы пожаротушения Карагандинской области.

Гревцов Д.А. родился в 1980 году в городе Караганде, в 1999 году окончил профессиональную техническую школу № 2 этого же города.

После гибели у Гревцова Д.А. остались супруга и дочь.

18. 2005 жылғы 2 шілдеде Арыс қаласында жанған шаруашылық құрылыстарды және нығыздалған шөпті сөндіру кезінде Оңтүстік Қазақстан облысы Өрт сөндіру қызметі № 7 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндірушісі ішкі қызмет сержанты **Нұрғали Дүйсенбайұлы Қарабаев** өрт оқпанымен жұмыс жасау кезінде электр тоғына түсіп, ауруханаға барар жолда қайтыс болды.

Н. Қарабаев 1975 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласында туған, үйленбеген.

2 июля 2005 года при тушении загорания прессованного сена и хозяйственных построек в городе Арысь, сержант внутренней службы **Карабаев Нургали Дуйсенбаевич**, старший пожарный пожарной части № 7 Службы пожаротушения Южно-Казахстанской области, работая со стволом, получил поражение электрическим током и скончался в пути следования в больницу.

Карабаев Н.Д. родился в 1975 году в городе Арысь Южно-Казахстанской области, погиб, будучи не женатым.

19. 2005 жылғы 17 желтоқсанда паркет өндіру бойынша ағаш өндейтін цехтің кептіретін үй-жайындағы өртті сөндіру барысында цехтің барлық ауданы бойында жанудың бір уақытта жайылуымен шаң-ауа қосындысының жарылуы салдарынан ГТҚҚ буынын жан-жаққа лақтырды, алған жарақаттарынан Қостанай облысы Өрт сөндіру қызметі № 2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы ішкі қызмет сержанты **Ринат Асылбекұлы Ашубаев** өрт орнында қайтыс болды.

Р.А. Ашубаев 1979 жылы Қостанай облысы Федоров ауданының Белояровка ауылында туған, жетім болғандықтан әжесінің тәрбиесінде болған.

Ринат Асылбековичті мәңгі есте сақтау үшін Қостанай облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағында ескерткіш орнатылды.

Мемлекеттік награда – III дәрежелі «Айбын» орденімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

17 декабря 2005 года в ходе тушения пожара в сушильном помещении деревообрабатывающего цеха по производству паркета, в результате взрыва пылевоздушной смеси с одновременным распространением горения по всей площади цеха, звено ГДЗС разметало в разные стороны, от полученных травм сержант внутренней службы **Ашубаев Ринат Асылбекович**, пожарный-спасатель специализированной пожарной части № 2 Службы пожаротушения Костанайской области погиб на месте.

Ашубаев Р.А. родился в 1979 году в посёлке Белояровка Федоровского района Костанайской области, был сиротой, воспитывала его бабушка.

В память о Ринате Асылбековиче на территории специализированной пожарной части № 2 Службы пожаротушения ДЧС Костанайской области установлен обелиск.

Награждён государственной наградой – орденом «Айбын» III степени (посмертно).

20. 2005 жылғы 17 желтоқсанда паркет өндіру бойынша ағаш өндейтін цехтің кептіретін үй-жайындағы өртті сөндіру барысында цехтің барлық ауданы бойында жанудың бір уақытта жайылуымен шаң-ауа қосындысының жарылуы салдарынан ГТҚҚ буынын жан-жаққа лақтырды, алған жарақаттарынан Қостанай облысы Өрт сөндіру қызметі № 2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы ішкі қызмет сержанты **Сәбит Алдажанұлы Нұрбаев** өрт орнында қайтыс болады.

С.А. Нұрбаев 1971 жылы жылы Қорған облысы Шадринск ауданы Песьяное аулында туған, 1989 жылы Шадринск кооперативтік техникумында білім алған.

С.А. Нұрбаевтың артында әйелі мен ұлы қалды.

Сәбит Алдажанұлын мәңгі есте сақтау үшін Қостанай облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағында ескерткіш орнатылды.

Мемлекеттік награда – III дәрежелі «Айбын» орденімен (қайтыс болғаннан кейін) наградалды.

17 декабря 2005 года в ходе тушения пожара в сушильном помещении деревообрабатывающего цеха по производству паркета, в результате взрыва пылевоздушной смеси с одновременным распространением горения по всей площади цеха, звено ГДЗС разметало в разные стороны, от полученных травм младший сержант внутренней службы **Нурбаев Сабит Алдажанович**, пожарный-спасатель специализированной пожарной части № 2 Службы пожаротушения Костанайской области погиб на месте.

Нурбаев С.А. родился в 1971 году в селе Песьяное Шадринского района Курганской области, в 1989 году окончил Шадринский кооперативный техникум.

После гибели у Нурбаева С.А. остались супруга и сын.

В память о Сабите Алдажановиче на территории специализированной пожарной части № 2 Службы пожаротушения ДЧС Костанайской области установлен обелиск.

Награждён государственной наградой – орденом «Айбын» III степени (посмертно).

21. 2006 жылғы 18 қаңтарда тұрғын үй пәтеріндегі өртті сөндіру кезінде адамдарды құтқару барысында өрттің қауіпті факторларының

туындауы салдарынан Маңғыстау облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 8 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндірушісі ішкі қызмет сержанты **Көмек Үсенұлы Исаев** қайтыс болды.

К.Ү. Исаев 1981 жылы Түрікмен КСР Чарджоу қаласында туған.

К.Ү. Исаевтың артында отбасы қалды.

Мемлекеттік награда – III дәрежелі «Айбын» орденімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

18 января 2006 года при тушении пожара в квартире жилого дома, спасая людей, в результате воздействия опасных факторов пожара трагически погиб младший сержант внутренней службы **Исаев Комек Усенович**, старший пожарный пожарной части № 8 Службы пожаротушения Мангистауской области.

Исаев К.У. родился в 1981 году в городе Чарджоу Туркменской ССР.

После гибели у Исаева К.У. осталась семья.

Награждён государственной наградой – орденом «Айбын» III степени (посмертно).

22. 2007 жылғы 26 шілдеде Қарағанды облысы Өрт сөндіру қызметі мамандандырылған жасақтың аға өрт сөндіруші-құтқарушысы ішкі қызмет сержанты **Артем Михайлович Новиков** Қарағанды қаласындағы тоғыз қабатты тұрғын үйде болған өртті сөндіру барысында қауіпсіздік бекетінде бекетші қызметін атқарып тұрып, жанып жатқан пәтерде қалған ұлын құтқар деген әйелдің өтініші бойынша бірден баланы іздеуге кірісті, осы уақытта пәтердің барлық аумағына жылдам және қарқынды таралған жалын оның кері қайту жолын жауып тастады. А.М. Новиков жоғары температура әсерінен жарақат алып, өрт болған жерде қайтыс болды.

А.М. Новиков 1978 жылы Қарағанды қаласында туған, 1997 жылы осы қаладағы № 2 кәсіби-техникалық мектебінде білім алған.

Мемлекеттік награда – III дәрежелі «Айбын» орденімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

26 июля 2007 года в ходе тушения пожара в девятиэтажном жилом доме в городе Караганде, выполняя функции постового на посту безопасности, по просьбе женщины о спасении оставшегося в горящей квартире сына, сержант внутренней службы **Новиков Артем Михайлович**, старший пожарный-спасатель специализированного отряда Службы пожаротушения Карагандинской области,

незамедлительно приступил к поиску ребенка, во время которого произошло быстрое и интенсивное распространение огня по всей площади квартиры, отрезав ему обратный путь. От воздействия высокой температуры Новиков А.М. получил несовместимые с жизнью травмы и погиб на месте пожара.

Новиков А.М. родился в 1978 году в городе Караганде, в 1997 году окончил профессиональную техническую школу № 2 этого же города.

Награждён государственной наградой – орденом «Айбын» III степени (посмертно).

23. 2007 жылғы 11 тамызда жақын жерде орналасқан шаруа қожалықтарына, дәнді-дақыл алқабына таралып кету қаупі бар дала өртін сөндіру барысында күшті жел екпінінен бағыты өзгерген от ортасына кірген Алматы облысы №1 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндірушісі **Александр Анатольевич Клименчук** қайтыс болды.

А.А. Клименчук 1973 жылы Алматы облысы Қарасай ауданы Райымбек ауылында туған, 1994 жылы Алматы облысы Қарасай ауданы Қаскелең қаласындағы № 11 кәсіби техникалық училищесінде білім алған.

А.А.Клименчуктың артында жары мен үш баласы қалды.

Александр Анатольевичті мәңгі есте сақтау үшін Алматы облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі №1 өрт сөндіру бөлімінің аумағында ескерткіш қойылды.

Мемлекеттік награда - III дәрежелі «Айбын» орденімен (қайтыс болғаннан кейін) наградалды.

11 августа 2007 года при тушении степного пожара с угрозой распространения на близлежащие строения крестьянского хозяйства и урожай зерновых культур, попав под фронт огня, изменившего направление в результате сильных порывов ветра, трагически погиб сержант внутренней службы **Клименчук Александр Анатольевич**, старший пожарный пожарной части № 1 Службы пожаротушения Алматинской области.

Клименчук А.А. родился в 1973 году в селе Райымбек Карасайского района Алматинской области, в 1994 году окончил профессиональное техническое училище № 11 города Каскелен.

После гибели у Клименчук А.А. остались супруга и трое детей.

В память об Александре Анатольевиче на территории пожарной части № 1 Службы пожаротушения ДЧС Алматинской области установлен обелиск.

Награждён государственной наградой – орденом «Айбын» III степени (посмертно).

24. 2008 жылғы 28 ақпанда ықтимал су тасқынының алдын алу мақсатында Сырдария өзенінің арнасын аралап ұшу кезінде МИ-8 тікұшағы құлап, Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары полковник **Қазбек Сұлтанбекұлы Төреманов** қайтыс болды.

Қ.С.Төреманов 1967 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында туған. 1990 жылы Саратов жоғары әскери инженерлік химиялық қорғау училищесін, 2001 жылы Ресей ТЖМ Азаматтық қорғау академиясында білім алған.

Қ.С. Төремановтың артында әйелі мен үш баласы қалды.

Қ. Төремановтың есімін мәңгі есте сақтау мақсатында Қызылорда қаласында көше атауы беріліп, тікұшақтың құлаған орнында естелік стелла орнатылды, Қызылорда облысы ТЖД Өрт сөндіру қызметі № 1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағында мемориалдық тақта ашылды.

Мемлекеттік награда - I дәрежелі «Айбын» орденімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

28 февраля 2008 года при крушении вертолета МИ-8, осуществлявшего облет русла реки Сырдарья в целях предупреждения возможной паводковой ситуации, погиб полковник **Туреманов Казбек Султанбекович**, заместитель начальника ДЧС Кызылординской области.

Туреманов К.С. родился в 1967 году в Шиелийском районе Кызылординской области, в 1990 году окончил Саратовское высшее военное инженерное училище химической защиты, 2001 году Академию гражданской защиты МЧС России.

После гибели у Туреманова К.С. остались супруга и трое детей.

В память о Казбеке Султанбековиче в городе Кызылорда названа улица, на месте крушения вертолета установлена стела, на территории специализированной пожарной части № 1 Службы пожаротушения ДЧС Кызылординской области мемориальная доска.

Награждён государственной наградой – орденом «Айбын» I степени (посмертно).

25. 2008 жылғы 28 ақпанда ықтимал су тасқынының алдын алу мақсатында Сырдария өзенінің арнасын аралап ұшу кезінде МИ-8 тікұшағы құлап, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

Азаматтық қорғаныс, әскери бөлімдер және жедел ден қою департаментінің аға офицері полковник **Нұрлан Құжанұлы Құмаров** қайтыс болды.

Н.Қ.Құмаров 1959 жылы Шымкент қаласында туған. 1980 жылы Ақтөбе медициналық институтын, 1982 жылы Томск медициналық институты жанындағы Әскери медицина факультетінде білім алған.

Н.Қ. Құмаровтың артында әйелі мен екі баласы қалды.

Н.Қ. Құмаровтың есімін мәңгі есте сақтау үшін тікұшақтың құлаған орнында естелік стелла орнатылды.

Мемлекеттік награда - I дәрежелі «Айбын» орденімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

28 февраля 2008 года при крушении вертолета МИ-8, осуществлявшего облет русла реки Сырдарья в целях предупреждения возможной паводковой ситуации, погиб полковник **Кумаров Нурлан Кужанович**, старший офицер Департамента Гражданской обороны, воинских частей и оперативного реагирования Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан.

Кумаров Н.К. родился в 1959 году в городе Шымкент, в 1980 году окончил Актюбинский медицинский институт, 1982 году Военно-медицинский факультет при Томском медицинском институте.

После гибели у Кумарова Н.К. остались супруга и двое детей.

В память о Нурлане Кужановиче на месте крушения вертолета установлена стела.

Награждён государственной наградой – орденом «Айбын» I степени (посмертно).

26. 2008 жылғы 28 ақпанда ықтимал су тасқынының алдын алу мақсатында Сырдария өзенінің арнасын аралап ұшу кезінде МИ-8 тікұшағы құлап, «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамының әуе кеме командирі запастағы подполковник **Фахретдин Реджабұлы Оңғарбаев** қайтыс болды.

Ф.Р. Оңғарбаев 1966 жылы Өзбек КСР Ташкент облысы Аққорған ауданында туған. 1987 жылы Саратов жоғары әскери ұшқыштар әуе училищесінде білім алған.

Ф.Р. Оңғарбаевтың артында әйелі мен екі баласы қалды.

Ф.Р. Оңғарбаевтың есімін мәңгі есте сақтау үшін тікұшақтың құлаған орнында естелік стелла орнатылды.

28 февраля 2008 года при крушении вертолета МИ-8, осуществлявшего облет русла реки Сырдарья в целях предупреждения возможной паводковой ситуации, погиб подполковник запаса **Унгарбаев Фахретдин Реджабович**, командир воздушного судна Акционерного общества «Казавиаспас».

Унгарбаев Ф.Р. родился в 1966 году в Ак-Курганском районе Ташкентской области Узбекской ССР, в 1987 году окончил Саратовское высшее военное авиационное училище летчиков.

После гибели у Унгарбаева Ф.Р. остались супруга и двое детей.

В память о Фахретдине Реджабовиче на месте крушения вертолета установлена стела.

27. 2008 жылғы 28 ақпанда ықтимал су тасқынының алдын алу мақсатында Сырдария өзенінің арнасын аралап ұшу кезінде МИ-8 тікұшағы құлап, «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамының әуе кемесінің екінші ұшқышы **Ғалым Балханұлы Нұрмағамбетов** қайтыс болды.

Ғ.Б. Нұрмағамбетов 1972 жылы Шығыс Қазақстан облысының Шар қаласында туған, 1993 жылы Краснокутск азаматтық ұшу авиацияның мектебінде білім алған.

Ғ.Б. Нұрмағамбетовтың артында әйелі мен екі баласы қалды.

Ғалым Балханұлының есімін мәңгі есте сақтау үшін тікұшақтың құлаған орнында естелік стелла орнатылды.

28 февраля 2008 года при крушении вертолета МИ-8, осуществлявшего облет русла реки Сырдарья в целях предупреждения возможной паводковой ситуации, погиб **Нурмагамбетов Галым Балханович**, второй пилот воздушного судна Акционерного общества «Казавиаспас».

Нурмагамбетов Г.Б. родился в 1953 году в городе Чарск Восточно-Казахстанской области, в 1972 году окончил Краснокутское летное училище гражданской авиации.

После гибели у Нурмагамбетова Г.Б. остались супруга и двое детей.

В память о Галыме Балхановиче на месте крушения вертолета установлена стела.

28. 2008 жылғы 28 ақпанда ықтимал су тасқынының алдын алу мақсатында Сырдария өзенінің арнасын аралап ұшу кезінде МИ-8 тікұшағы құлап, «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамының әуе кемесінің бортмеханигі **Виталий Владимирович Глазунов** қайтыс болды.

В.В Глазунов 1972 жылы Белорус КСР Гродненск облысы Волковыск қаласында туған, 1993 жылы Калужск авиациялық техникалық мектебінде білім алған.

В.В Глазуновтың артында әйелі мен ұлы қалды.

Виталии Владимировичтің есімін мәңгі есте сақтау үшін тікұшақтың құлаған орнында естелік стелла орнатылды.

28 февраля 2008 года при крушении вертолета МИ-8, осуществлявшего облет русла реки Сырдарья в целях предупреждения возможной паводковой ситуации, погиб **Глазунов Виталий Владимирович**, бортмеханик воздушного судна Акционерного общества «Казавиаспас».

Глазунов В.В. родился в 1972 году в городе Волковыск Гродненской области Белорусской ССР, в 1993 году окончил Калужское авиационно-техническое училище.

После гибели у Глазунова В.В. остались супруга и сын.

В память о Виталии Владимировиче на месте крушения вертолета установлена стела.

29. 2009 жылғы 27 тамызда құтқарылған адамдарды су бетінен көтеру мен түсіру және бортқа қабылдау бойынша ұшу жаттығуларын орындау барысында «Қазавиақұтқару» АҚ Батыс өңірлік филиалының (Атырау қ.) құтқарушысы **Ленмар Еркінұлы Майшағыров** қайтыс болды.

Л.Е Майшағыров 1987 жылы Атырау қаласында туған, 2006 жылы Атырау политехникалық колледжінде білім алған.

Л.Е Майшағыровтың артында әйелі мен екі баласы қалды.

27 августа 2009 года при выполнении тренировочного полета по спуску и подъему спасаемых с поверхности воды и приема на борт, погиб **Майшагиров Ленмар Еркинович**, спасатель Западного регионального филиала АО «Казавиаспас» (г. Атырау).

Майшагиров Л.Е. родился в 1987 году в городе Атырау, в 2006 году окончил Атырауский политехнический колледж.

После гибели у Майшагирова Л.Е. остались супруга и двое детей.

30. 2010 жылғы 17 ақпанда Астана қаласындағы жерасты қорғаныш құрылысында болған өртті сөндіру барысында елордалық ТЖ департаменті бастығының орынбасары өртке қарсы қызмет полковнигі **Валерий Михайлович Зайцев** қайтыс болды, ол ГТҚҚ буыны

құрамында жоғалып кеткен №6 өрт сөндіру бөлімінің бастығын іздеуге кетіп, қайта оралмады.

В.М.Зайцев 1963 жылы Целиноград облысының Садовое селосында туған, 1984 жылы КСРО Ішкі істер министрлігінің Алматы өрт-техникалық училищесін, 2004 жылы Қаржы полициясы академиясында білім алған.

В.М.Зайцевтің артында әйелі мен қызы қалды.

Валерий Михайловичтің есімін мәңгі есте сақтау үшін Астана қаласы ТЖД Өрт сөндіру қызметінің № 2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағына мемориалдық тақта орнатылды, аллея ашылды.

Мемлекеттік награда - II дәрежелі «Айбын» орденімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

17 февраля 2010 года в ходе тушения пожара в подземном защитном сооружении в городе Астане, трагически погиб полковник противопожарной службы **Зайцев Валерий Михайлович**, заместитель начальника столичного Департамента по ЧС, который в составе звена ГДЗС отправился на поиски пропавшего начальника пожарной части № 6 и не вернулся.

Зайцев В.М. родился в 1963 году в селе Садовое Целиноградской области, в 1984 году окончил Алма-Атинское пожарно-техническое училище Министерства внутренних дел СССР, в 2004 году Академию финансовой полиции.

После гибели у Зайцева В.М. остались супруга и дочь.

В память о Валерии Михайловиче на территории специализированной пожарной части № 2 Службы пожаротушения ДЧС города Астаны установлена мемориальная доска, открыта аллея.

Награждён государственной наградой – орденом «Айбын» II степени (посмертно).

31. 2010 жылғы 17 ақпанда Астана қаласындағы жерасты қорғаныш құрылысында болған өртті сөндіру барысында елордалық Өрт сөндіру қызметі №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі бастығының орынбасары өртке қарсы қызмет аға лейтенанты **Саят Сапарбекұлы Абеев** қайтыс болды.

С.С. Абеев 1975 жылы Қарағанды облысы Теңіз ауданы Сарыөзен ауылында туған, Көкшетау техникалық институты сырттай оқу бөлімінің 5-курс тыңдаушысы болған.

С.С. Абеевтің артында әйелі мен қызы қалды.

С.С.Абеевтің есімін мәңгі есте сақтау үшін Астана қаласы ТЖД Өрт сөндіру қызметінің № 2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аумағына мемориалдық тақта орнатылды, аллея ашылды.

Мемлекеттік награда - II дәрежелі «Айбын» орденімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

17 февраля 2010 года в ходе тушения пожара в подземном защитном сооружении в городе Астане, трагически погиб старший лейтенант противопожарной службы **Абеев Саят Сапарбекович**, заместитель начальника специализированной пожарной части № 3 Службы пожаротушения столицы, который в составе звена ГДЗС отправился на поиски пропавшего начальника пожарной части № 6 и не вернулся.

Абеев С.С. родился в 1975 году в селе Сары-Узенский Тенгизского района Карагандинской области, являлся слушателем 5 курса заочного отделения Кокшетауского технического института.

После гибели у Абеева С.С. остались супруга и дочь.

В память о Саяте Сапарбековиче на территории специализированной пожарной части № 2 Службы пожаротушения ДЧС города Астаны установлена мемориальная доска, открыта аллея.

Награждён государственной наградой – орденом «Айбын» II степени (посмертно).

32. 2010 жылғы 17 ақпанда Астана қаласындағы жерасты қорғаныш құрылысында болған өртті сөндіру барысында елордалық Өрт сөндіру қызметі № 6 өрт сөндіру бөлімінің бастығы өртке қарсы қызмет майоры **Руслан Қожахметұлы Какишев** қайтыс болды.

Р.Қ. Какишев 1970 жылы Шығыс Қазақстан облысының Қарасу ауылында туған.

Р.Қ. Какишевтің артында әйелі мен үш баласы қалды.

